

ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТРУКТИВНЫЙ МАТЕРИАЛ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ДЕМОНСТРАЦИОННЫХ ПОЛЕТОВ

TECHNICAL GUIDANCE MATERIAL ON DEMONSTRATION FLIGHTS FOR OPERATORS




Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of Issue: 11/09/2026




Мәртебесі / Status / Статус: [Approved]

Құжатқа жауапты / Ответственный за документ / Owner:

Директор ДЛЭ / Director OPS

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET

	Лауазымы / Должность / Job Title	Күні / Дата / Date	Қолы / Подпись / Signature
Әзірленген / Разработано/ Prepared by:			
Серик Ахметов / Serik Akhmetov	Специалист по авиационным стандартам департамента летной эксплуатации / Flight Operations Standardization Officer	15.09.2026	
Келісілді / Соголасовано / Agreed by:			
Оразбаева Динара Бахтыгельдыевна / Dinara Orazbayeva	Ұшуға пайдалану Департаментінің жолаушылар кабины қауіпсіздігі бойынша басқармасының басшысы - бас авиациялық инспектор / Руководитель управления по безопасности пассажирской кабины Департамента летной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Head of cabin safety division of flight Operations Department – chief aviation inspector	15.09.2026	
Юньков Олексий Вячеславович / Oleksiy Yunkov	Ұшуға пайдалану Департаментінің коммерциялық әуе көлігі басқармасының басшысы - бас авиациялық инспектор / Руководитель управления коммерческого воздушного транспорта Департамента летной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Head of commercial air transport division of flight Operations Department – chief aviation inspector	15.09.2026	
ЗИЯ КАБИР / ZIA KABIR	Ұшуға пайдалану Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента летной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Director of flight operations Department – chief aviation inspector	16.08.2026	
Аденов Галым Маратович / Galym Adenov	Ұшуға жарамдылық Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента летной годности – главный авиационный инспектор / Director of department of airworthiness – chief aviation inspector	16.09 2026	
Есмұрзаева Айгерим Сериковна / Aigerim Yesmurzayeva	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің авиациялық стандарттар және ИКАО стандарттары мен ұсыныстарын тәжірибелерді енгізу басқармасының басшысы / Руководитель Управления по авиационным стандартам и внедрению стандартов и рекомендуемой практики ИКАО Департамента системы управления и нормотворчества / Head of standardization and ICAO SARPs implementation division of management systems and rulemaking Department	16.09. 2026	
Курносков Данил Викторович / Danil Kurnossov	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента системы управления и нормотворчества – главный авиационный инспектор /	16.09. 2026	

	Director of management systems and rulemaking Department – chief aviation inspector		
Торбаев Ерлан Серикжанович / Yerlan Torbayev	Сапа және стандарттарға сәйкестік басқармасының басшысы / Руководитель управления качества и соответствия стандартам / Head of quality and compliance division	16.09. 2026	
Абдугалимов Жанат Дулатович / Zhanat Abdugalimov	Ұшу қауіпсіздігі, стратегия, стандарттау және үйлестіру жөніндегі басқарушы директор / Управляющий директор по безопасности полетов, стратегии, стандартизации и гармонизации / Managing director for Flight Safety, Strategy, Standardization and Harmonization	16.09. 2026	
Сатжанов Аслан Маратович / Aslan Satzhanov	Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы директор - Басқарма мүшесі / Исполнительный директор по безопасности полетов-член Правления / Executive flight safety officer-member of Management Board	18.09. 2026	
Бекітілді / Утверждено / Approved by:			
Дэниел Майкл Юджин / Michael Eugene Daniel	Бас атқарушы директор – Басқарма Төрағасы/ Главный исполнительный директор – Председатель Правления / Chief Executive Officer – Chairman of the Management Board.	18 SEP 2026	



РЕВИЗИЯ ТІЗІМІ /
ЛИСТ РЕВИЗИЙ /
REVISION SHEET

Ревизия №/ № Ревизии / Revision №	Күні / Дата / Date	Ревизия сипаттамасы / Описание ревизии / Revision Description
1.0	11.09.2026	Алғашқы рет / Впервые / Initial



ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ /
ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ /
LIST OF EFFECTIVE PAGES

Басылым № / № Раздела/ Section No. /	Бет № / Стр. № / Page No.	Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of issue
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2-3	11.09.2026
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	4-4	11.09.2026
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5-5	11.09.2026
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6-8	11.09.2026
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	9-10	11.09.2026
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	11-16	11.09.2026
БӨЛІМ А	17-25	11.09.2026
РАЗДЕЛ В	26-34	11.09.2026
SECTION C	35-43	11.09.2026
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / APPENDICES	44-50	11.09.2026



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2
РЕВИЗИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕВИЗИЙ / REVISION SHEET	4
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	8
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	11
БӨЛІМ А.....	17
А.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	17
Мақсаты	17
Инспекция әдісі.....	17
Демонстрация нені қамтиды	17
А.2. ДЕМОНСТРАЦИЯ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАР	18
Ұшулар саны	18
Түнгі ұшулар, тренажерлер және коммерциялық рейстер.....	18
Ұшу түрлері, маршруттар және коммерциялық жүктеме	18
А.3. БЕС КЕЗЕҢДІ ПРОЦЕСС	19
А.4. ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА	20
Демонстрациялық ұшулар жоспары (жалпы нысан)	20
Бағдарламаны ұсыну	20
А.5. ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЖОСПАР	22
А.6. ДЕМОНСТРАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ	23
Бағаланатын бағыттар	23
Сценарийлер мен шектеулер	23
Нәтижелер	23
А.7. ТҮЗЕТУДІ СҰРАТУ	25
РАЗДЕЛ В.....	26
В.1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	26
Цель.....	26
Метод инспекции.....	26
Что охватывает демонстрация	26
В.2. СЛУЧАИ, КОГДА ТРЕБУЕТСЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	27
Количество полетов.....	27
Ночные полеты, тренажеры и коммерческие рейсы	27
Виды полетов, маршруты и коммерческая загрузка	27
В.3. ПЯТИЭТАПНЫЙ ПРОЦЕСС	28
В.4. ПРОГРАММА ДЕМОНСТРАЦИИ	29
План демонстрационных полетов (общая форма)	29
Представление Программы.....	29
В.5. ПЛАН ДЕМОНСТРАЦИИ	31
В.6. ПРОВЕДЕНИЕ ДЕМОНСТРАЦИИ	32
Оцениваемые направления	32
Сценарии и ограничения	32
Результаты.....	32
В.7. ЗАПРОС НА КОРРЕКТИРОВКУ	34
SECTION C.....	35
С.1. GENERAL	35
Objective.....	35

TGM ON DEMONSTRATION FLIGHTS FOR OPERATORS

Inspection method.....	35
What the demonstration covers.....	35
C.2. WHEN A DEMONSTRATION IS REQUIRED.....	36
Number of flights.....	36
Night, simulators and commercial flights.....	36
Flight types, routes and payload	36
C.3. THE FIVE-STAGE PROCESS.....	37
C.4. THE DEMONSTRATION PROGRAM.....	38
Demonstration flight plan (general form)	38
Submission of the Program.....	38
C.5. THE DEMONSTRATION PLAN	40
C.6. CONDUCT OF THE DEMONSTRATION	41
Areas assessed	41
Scenarios and limits.....	41
Outcomes.....	41
C.7. REQUESTING AN ADJUSTMENT.....	42
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / APPENDICES	43
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 1	44
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 2.....	48
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 3.....	50



ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS

ҚАӘ ААК ААК	«Қазақстан авиациялық әкімшілігі» Акционерлік Қоғамы Акционерное Общество «Авиационная администрация Казахстана» «Aviation Administration of Kazakhstan» JSC
АҚ АБ AvSec	Авиациялық қауіпсіздік Авиационная безопасность Aviation Security
АП АР	Авиациялық персонал Авиационный персонал Aviation Personnel
ҰҚ БП FS	Ұшу қауіпсіздігі Безопасность полетов Flight Safety
ӘК ВС АС	Әуе кемесі Воздушное судно Aircraft
ҰЖН ДЛГ AIR	Ұшуға жарамдылық департаменті Департамент летной годности department of airworthiness
ҰПД ДЛЭ FOPS	Ұшуға пайдалану департаменті Департамент летной эксплуатации Flight operations department
ИКАО ICAO	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Международная организация гражданской авиации International Civil Aviation Organization
КГА САС	Азаматтық авиация комитеті Комитет гражданской авиации Civil Aviation Committee
КБҚ КРС MGMT	Командалық-басшылық құрам Командно-руководящий состав Management Staff
КҰҚ КЛС FC	Командалық-ұшу құрамы Командно-летный состав Flight Crew
КДСК КППУ RT	Кәсіби деңгейді сақтау курсы Курс поддержания профессионального уровня Recurrent Training
ҚР ИДМ МИИР РК МИИД РК	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Ministry of Industry and Infrastructure Development of the Republic of Kazakhstan
ӘҚҚК ОВД ATS	Әуе қозғалысына қызмет көрсету Обслуживание воздушного движения Air Traffic Services
ҚЖ ОГ DG	Қауіпті жүктер Опасные грузы Dangerous Goods
КШҰҚ ПВП VFR	Көзбен шолып ұшу қағидалары Правила визуального полета Visual Flight Rules



ТШЖ ПКД CAP	Түзету іс шаралары жоспары План корректирующих действий Corrective Action Plan
АБҰҚ ППП IFR	Аспаптар бойынша ұшу қағидалары Правила полета по приборам Instrument Flight Rules
ҰҚБЖ СУБП SMS	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі Система управления безопасностью полетов Safety Management System
ҚР РК RK	Қазақстан Республикасы Республика Казахстан Republic of Kazakhstan
ҰЖН РПП ОМ	Ұшуларды жүргізу бойынша нұсқаулық Руководство по производству полётов Operations Manual / Flight Operations Manual
ПС СЭ АОС	Пайдаланушы сертификаты Сертификат эксплуатанта Air Operator Certificate
СТ СО СИ	Сертификаттық тексеру Сертификационное обследование Certification Inspection
ПЕ ЭС OpSpecs	Пайдалану ерекшеліктері Эксплуатационные спецификации Operations Specifications
CDL	Әуе кемесінің конфигурациясынан ауытқулардың рұқсат етілген тізбесі Минимальный перечень отклонений от конфигурации воздушного судна Configuration Deviation List
CVR	Кабинадағы сөйлесулерді тіркейтін борттық жазғыш Бортовой речевой самописец Cockpit Voice Recorder
ELT	Апаттық радиомаяк Аварийный радиомаяк Emergency Locator Transmitter
FDR	Ұшу параметрлерін тіркейтін борттық жазғыш Самописец полетных данных Flight Data Recorder
FMC	Ұшуды басқару компьютері Компьютер управления полетом Flight Management Computer
FMS	Ұшуды басқару жүйесі Система управления полетом Flight Management System
GPWS	Жерге қауіпті жақындау туралы ескерту жүйесі Система предупреждения о близости земли Ground Proximity Warning System
MCM	Техникалық қызмет көрсетуді басқару жөніндегі нұсқаулық Руководство по управлению техническим обслуживанием Maintenance Control Manual
MEL	Ең аз жарамды жабдықтар тізбесі Перечень минимального оборудования Minimum Equipment List
MMEL	Негізгі ең аз жарамды жабдықтар тізбесі Основной перечень минимального оборудования



	Master Minimum Equipment List
NOTAM	Авиациялық персоналға арналған хабарлама Извещение для авиационного персонала Notice to Air Missions (NOTAM)
RVSM	Тік эшелондау минимумдарының қысқартылуы Сокращенные минимумы вертикального эшелонирования Reduced Vertical Separation Minimum
SAFA	Шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігін бағалау Оценка безопасности иностранных воздушных судов Safety Assessment of Foreign Aircraft
SOP	Стандартты пайдалану рәсімдері Стандартные эксплуатационные процедуры Standard Operating Procedures



НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES

Нормативтік құжат / Нормативный документ (НД) / Referenced Document	Бекіту / Утверждение / Approval
Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации On the use of the airspace of the Republic of Kazakhstan and aviation activities	Заң № 339-IV (15.07.2010) Закон Республики Казахстан от 15 июля 2010 года № 339-IV Law of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 2010 No. 339-IV
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға арналған сертификаттау талаптары Сертификационные требования к эксплуатантам гражданских воздушных судов Certification requirements for civil aircraft operators	ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.02.2015 ж. № 153 бұйрығы Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию РК от 24 февраля 2015 года № 153 Order of the Acting Minister for Investment and Development of the Republic of Kazakhstan from February 24, 2015 No. 153
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының сертификатын беру және сертификаттау ережелері Правила сертификации и выдачи сертификата эксплуатанта гражданских воздушных судов Rules for certification and issuance of an operator certificate for civil aircraft	ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 10.11.2015 ж. № 1061 бұйрығы Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию РК от 10 ноября 2015 года № 1061 Order of the Acting Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated November 10, 2015 No. 1061
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуларды орындау қағидалары Правила производства полетов в гражданской авиации Республики Казахстан Rules of flight operations in civil aviation of the Republic of Kazakhstan	ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.07.2017 ж. № 509 бұйрығы Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию РК от 28 июля 2017 года № 509 Order of the Acting Minister for Investment and Development of the Republic of Kazakhstan from July 28, 2017 No. 509
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру қағидалары Правила по организации летной работы в гражданской авиации Республики Казахстан Rules for the organization of flight work in civil aviation of the Republic of Kazakhstan	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.03.2015 ж. № 307 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 20 марта 2015 года № 307 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated March 20, 2015 No. 307
Азаматтық әуе кемелерін авиациялық жанармаймен және майлау материалдарымен қамтамасыз ету қағидалары Правила обеспечения авиационными горюче-смазочными материалами гражданских воздушных судов Rules for Provision of Civil Aircraft with Aviation Fuels and Lubricants	ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.02.2015 ж. № 190 бұйрығы Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию РК от 24 февраля 2015 года № 190 Order of the Acting Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated February 24, 2015 No. 190



Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары Правила метеорологического обеспечения гражданской авиации Республики Казахстан Rules for Meteorological Support of Civil Aviation of the Republic of Kazakhstan	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.06.2017 ж. № 345 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 14 июня 2017 года № 345 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated June 14, 2017 No. 345
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында бортсеріктестердің жұмысын ұйымдастыру қағидалары Правила организации работ бортпроводников в гражданской авиации Республики Казахстан Rules for organizing the work of flight attendants in civil aviation of the Republic of Kazakhstan	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.03.2015 ж. № 308 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 20 марта 2015 года № 308 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated March 20, 2015 No. 308
Әуе көлігімен тасымалданатын Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тексеру жүргізілмейтін арнайы тізімі Специальный перечень должностных лиц Республики Казахстан, перевозимых на воздушном транспорте, в отношении которых досмотр не производится A special list of officials of the Republic of Kazakhstan, transported by air, in respect of which inspection is not carried out	ҚР Үкіметінің 31.12.2010 ж. № 1509 қаулысы Постановление Правительства РК от 31 декабря 2010 года № 1509 Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan from December 31, 2010 No. 1509
Авиациялық персоналды кәсіби даярлау қағидалары Правила профессиональной подготовки авиационного персонала Rules for the professional training of aviation personnel	ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.02.2015 ж. № 159 бұйрығы Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 24 февраля 2015 года № 159 Acting order Minister for Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated February 24, 2015 No. 159
Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелері экипажы мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын ұйымдастыру қағидалары Правила организации рабочего времени и отдыха членов экипажей воздушных судов гражданской и экспериментальной авиации Республики Казахстан Rules for flight time limitations and rest of crew members of civil and experimental aviation of the Republic of Kazakhstan	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 27.02.2015 ж. № 250 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 27 февраля 2015 года № 250 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated February 27, 2015 No. 250
Әуе көлігінде жолаушыларды, бағажды және жүкті тасымалдау қағидалары Правила перевозки пассажиров, багажа и грузов на воздушном транспорте Rules for the carriage of passengers, baggage and cargo by air	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.04.2015 ж. № 540 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 30 апреля 2015 года № 540 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated April 30, 2015 No. 540
Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидалары Правила использования воздушного пространства РК Rules for the use of the airspace of the Republic of Kazakhstan	ҚР Үкіметінің 12.05.2011 ж. № 506 қаулысы Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 мая 2011 года № 506 Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 12, 2011 No. 506

Авиациялық персонал куәлігін алу үшін тұлғаға қойылатын біліктілік талаптары Квалификационные требования к лицу для получения свидетельства авиационного персонала Qualification requirements for a person to obtain an aviation personnel certificate	ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 13.06.2011 ж. № 362 бұйрығы Приказ Министра транспорта и коммуникаций РК от 13 июня 2011 года № 362 Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan from June 13, 2011 No. 362
Азаматтық және эксперименттік авиация үшін ұшуға дайындық қағидалары Правила подготовки к полетам для гражданской и экспериментальной авиации Flight preparation rules for civil and experimental aviation	ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 25.06.2011 ж. № 390 бұйрығы Приказ Министра транспорта и коммуникаций РК от 25 июня 2011 года № 390 Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan dated June 25, 2011 No. 390
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушыларының ұшу қауіпсіздігін басқарудың үлгілік нұсқаулары Типовые инструкции по управлению безопасностью полетов эксплуатантов гражданских воздушных судов Model Safety Management Instructions for Civil Air Operators	ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 28.03.2011 ж. № 173 бұйрығы Приказ Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 28 марта 2011 года № 173 Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2011 No. 173
Азаматтық әуе кемелерінде ауа арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау нұсқаулығы Инструкция по перевозке опасных грузов по воздуху на гражданских воздушных судах Instructions for Transportation of Dangerous Goods by Air by Civil Aircraft	ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.06.2017 ж. № 371 бұйрығы Приказ Министра по инвестициям и развитию РК от 21 июня 2017 года № 371 Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated June 21, 2017 No. 371
Авиациялық персонал куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары Правила выдачи и продления срока действия свидетельств авиационного персонала Rules for issuance and renewal of aviation personnel certificates	ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 26.09.2013 ж. № 750 бұйрығы Приказ Министра транспорта и коммуникаций РК от 26 сентября 2013 года № 750 Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan dated September 26, 2013 No. 750
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 1-Қосымшасы «Авиациялық персоналға куәлік беру» Приложение 1 к Конвенции о международной гражданской авиации «Выдача свидетельств авиационному персоналу» Annex 1 to the Convention on International Civil Aviation "Issuance of certificates to aviation personnel"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 2-Қосымшасы «Ұшу ережелері» Приложение 2 к Конвенции о международной гражданской авиации «Правила полетов» Annex 2 to the Convention on International Civil Aviation "Flight Rules"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 6-Қосымшасы «Әуе кемелерін пайдалану» I, III бөлімдері	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция



Приложение 6 к Конвенции о международной гражданской авиации «Эксплуатация воздушных судов» Части I, III Appendix 6 to the Convention on International Civil Aviation "Operation of Aircraft" Parts I, III	Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 8-Қосымшасы «Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы» Приложение 8 к Конвенции о международной гражданской авиации «Летная годность воздушных судов» Appendix 8 to the Convention on International Civil Aviation "Airworthiness of Aircraft"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
ИКАО-ның 10-Қосымшасы II томы «Аэронавигациялық электробайланыс» Приложения 10 Том II ИКАО «Авиационная электросвязь» Annexes 10 Volume II ICAO "Aeronautical telecommunications"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 12-Қосымшасы «Іздеу және құтқару» Приложение 12 «Поиск и спасание» Appendix 12 "Search and Rescue"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 18-Қосымшасы «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау» Приложение 18 «Безопасная перевозка опасных грузов по воздуху» Appendix 18 "Safe Transport of Dangerous Goods by Air"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 19-Қосымшасы «Ұшу қауіпсіздігін басқару» Приложение 19 «Управление безопасностью полетов» Appendix 19 "Safety Management"	Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция Конвенция о международной гражданской авиации ICAO Conventions
Ұшуларды орындау нұсқаулығын дайындау Подготовка руководства по производству полетов Preparation of flight operations manual	ИКАО DOC 9376 –AN/914 ИКАО DOC 9376 –AN/914 ICAO DOC 9376 –AN/914
Эксплуатациялық инспекция, сертификаттау және тұрақты қадағалау процедуралары бойынша нұсқаулық «Руководство по процедурам эксплуатационной инспекции, сертификации и постоянного надзора» Manual of Operational Inspection Certification and Ongoing Surveillance Procedures	DOC 8335-AN/879 DOC 8335-AN/879 ICAO Doc 8335-AN/879
Әуе қозғалысын басқару Организация воздушного движения Air traffic management	DOC 4444 –RAC/501 PANS-ATM DOC 4444 –RAC/501 PANS-ATM DOC 4444 –RAC/501 PANS-ATM
Қосымша аймақтық ережелер. DOC 8168-OPS – Әуе кемесі операциялары Дополнительные региональные правила. Document 8168-OPS - Aircraft Operations Additional Regional Rules. Document 8168-OPS - Aircraft Operations	DOC 7030 DOC 7030 DOC 7030
Әуе кемелерінің ұшу операциялары	DOC 8168 PANS-OPS



Производство полетов воздушных судов Aircraft operations	DOC 8168 PANS-OPS DOC 8168 PANS-OPS
Әуе кемелеріндегі қауіпті жүктерге байланысты инциденттер кезінде төтенше жағдайда әрекет ету тәртібі туралы нұсқаулық Инструкция о порядке действий в аварийной обстановке в случае инцидентов, связанных с опасными грузами на воздушных судах Instruction on Emergency Procedures for Dangerous Goods Incidents on Aircraft	Doc 9481-AN/928 Doc 9481-AN/928 Doc 9481-AN/928
Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау бойынша техникалық нұсқаулықтар Технические инструкции по безопасной перевозке опасных грузов по воздуху Technical Instructions for the Safe Transport of Dangerous Goods by Air	Doc 9284-AN/905 Doc 9284-AN/905 Doc 9284-AN/905
Барлық ауа райы жағдайында ұшу нұсқаулығы Руководство по всепогодным полетам All-Weather Flight Manual	DOC 9365 –AN/910 DOC 9365 –AN/910 DOC 9365 –AN/910
Мемлекеттік персоналды лицензиялау жүйесін құру және басқару бойынша нұсқаулықтар Руководство по созданию государственной системы выдачи свидетельств личному составу и управлению этой системой Guidelines for the Establishment and Management of a State Personnel Licensing System	DOC 9379 –AN/916 DOC 9379 –AN/916 DOC 9379 –AN/916
Ұшу қауіпсіздігін басқару нұсқаулығы Руководство по управлению безопасностью полетов Safety Management Manual	Doc 9859 Doc 9859 Doc 9859
Ұшуға жарамдылық нұсқаулығы Руководство по летной годности Airworthiness Manual	Doc 9760-AN/967 Doc 9760-AN/967 Doc 9760-AN/967
Ұлттық әуе кемелерін пайдалану және ұшуға жарамдылығын сақтау ережелерінің үлгілік нұсқаулығы Руководство по типовым правилам национального регулирования производства полетов и сохранения летной годности воздушных судов Guide to Model Rules for National Aircraft Regulations and Airworthiness	Doc 9388-AN/918 Doc 9388-AN/918 Doc 9388-AN/918
«Ұшу операторы / Диспетчер» оқыту нұсқаулығы Руководство по обучению «Сотрудник по обеспечению полетов/диспетчер» Flight Operations Officer / Dispatcher Training Manual	Doc 7192 Doc 7192 Doc 7192
Талап етілетін навигациялық сипаттамалар (RNP) нұсқаулығы Руководство по требуемым навигационным характеристикам (RNP) Required Navigation Performance (RNP) Manual	Doc 9613 Doc 9613 Doc 9613
Әуежай қызметтері бойынша нұсқаулық Руководство по аэропортовым службам Airport Services Guide	Doc 9137 Doc 9137 Doc 9137
Әуе кемесін мұздан қорғау нұсқаулығы Руководство по противообледенительной защите ВС	Doc 9640-AN/940 Doc 9640-AN/940



Aircraft Anti-Icing Guidelines	Doc 9640-AN/940
Өнімділікке негізделген навигация (PBN) нұсқаулығы Руководство по навигации, основанной на характеристиках (PBN) Performance-Based Navigation (PBN) Guide	Doc 9613 Doc 9613 Doc 9613
ЭП 290 және ЭП 410 аралығындағы 300 м (1000 фут) вертикалды эшелондау минимумын қолдану бойынша нұсқаулық Руководство по применению минимума вертикального эшелонирования в 300 м (1000 фут) между ЭП 290 и ЭП 410 включительно Guidelines for the application of a 300 m (1000 ft) vertical separation minimum between FL 290 and FL 410 inclusive	Doc 9574 Doc 9574 Doc 9574
Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғау бойынша қауіпсіздік нұсқаулығы Руководство по безопасности для защиты гражданской авиации от актов незаконного вмешательства Safety Guidelines for Protecting Civil Aviation Against Acts of Unlawful Interference	Doc 8973 Doc 8973 Doc 8973
6-Қосымшаның авиациялық қауіпсіздікке қатысты ережелерін іске асыру бойынша нұсқаулық Руководства по реализации положений Приложения 6, касающихся авиационной безопасности Guidelines for the Implementation of Annex 6 Aviation Security Provisions	Doc 9811-AN/766 Doc 9811-AN/766 Doc 9811-AN/766
Адам факторлары бойынша оқыту нұсқаулығы Руководство по обучению в области человеческого фактора Human Factors Training Guide	Doc 9683 Doc 9683 Doc 9683
Ұшуларды орындау нұсқаулықтарын дайындау Подготовка руководств по производствам полетов Preparation of Operational Manuals	Doc 10153 Doc 10153 Doc 10153
Ұшуларды орындау нұсқаулығы – Жалпы Руководство по производствам полетов – Общее Operations manual – General	AMC3 ORO.MLR.100 AMC3 ORO.MLR.100 AMC3 ORO.MLR.100
Әуе кемесінің авариялық эвакуациясын және суға қонуын көрсету жөніндегі нұсқаулық материал Инструктивный материал по демонстрации аварийной эвакуации и приводнения воздушного судна Guidance material on evacuation demonstration and ditching of aircraft	AAK-OPS-P.0408 AAK-OPS-P.0408 AAK-OPS-P.0408
Авиациялық инспекторлар үшін арналған демонстрациялық ұшуларды ұйымдастыру, қадағалау және бағалау жөніндегі нұсқаулық материал Инструктивный материал по организации, наблюдении и оценке демонстрационных полетов для авиационных инспекторов Guidance material on organization, observation and evaluation of demonstration flights for aviation inspectors	AAK-OPS-P.0414 AAK-OPS-P.0414 AAK-OPS-P.0414
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау бойынша авиациялық инспекторларға арналған Нұсқамалық материал. Пайдаланушы сертификаты (ПС) Инструктивный материал для авиационных инспекторов по сертификации эксплуатантов гражданских воздушных судов. Сертификат эксплуатанта (СЭ) Guidance material (gm) for the aviation inspectors on certification of civil aircraft operators. Air Operator Certificate (AOC)	AAK-OPS-M.0409 AAK-OPS-M.0409 AAK-OPS-M.0409

БӨЛІМ А

А.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Нұсқаулық материал Өтініш берушінің жерде және әуеде өзінің пайдалану рәсімдерін көрсету кезінде орындайтын іс-қимылдарын, оның ішінде ұсынылатын маршруттар бойынша демонстрациялық ұшуларды және қолданылатын жағдайларда жерде авариялық эвакуацияны және суға авариялық қонуды айқындайды. Осы материал ААК-OPS-P.0414 рәсіміне қатысты Өтініш берушіге арналған тиісті құжат болып табылады.

1.2 Осы Нұсқаулық материал мыналарға сәйкес әзірленді:

- 1) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңы;
- 2) 2015 жылғы 10 қарашадағы № 1061 бұйрықпен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және пайдаланушы сертификатын беру қағидалары (№ 1061 Қағидалар).

Мақсаты

1.3 Демонстрация ҚАӘ-ге Өтініш берушінің ұсынылатын тасымал түріне және әуе кемесінің түріне қолданылатын талаптарға сәйкес коммерциялық әуе тасымалдарын орындау кезінде азаматтық әуе кемелерін қауіпсіз пайдалануға қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді. ҚАӘ бұл бағалауды Өтініш берушінің демонстрациялық ұшуларын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен ICAO құжаттарының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бақылау арқылы жүргізеді.

1.4 Пайдаланушы сертификатын алуға өтініш берген Өтініш беруші әуе кемесін қажетті рұқсаттары бар Пайдаланушы сертификатының иесіне қойылатын дәл сондай стандарттарға сәйкес пайдаланады және оның ұшуға жарамдылығын қолдайды. Демонстрация пайдалану стандартының төмендеуін білдірмейді; бақылау дәл сол стандарт бойынша жүргізіледі.

Инспекция әдісі

1.5 ҚАӘ Өтініш берушіге инспекцияны күтілетін пайдалану құқықтарына және бекітілген Демонстрациялық бағдарламаға қарай таңдалатын екі әдістің бірімен жүргізеді:

- 1) модульдік — инспекцияның әрбір кезеңі жеке орындалады; немесе
- 2) кешенді — I–III кезеңдер бірге, ал IV кезең бөлек орындалады.

Кешенді инспекция қалыпты, ерекше және авариялық жағдайларда Өтініш берушінің пайдалану рәсімдерін анағұрлым тиімді жоспарлауға, бақылауға және жалпы динамикалық бағалауға мүмкіндік береді.

Демонстрация нені қамтиды

1.6 Демонстрациялық ұшулар Өтініш берушінің өзі үшін жаңа болып табылатын әуе кемелерінің түрлерін пайдалануға, коммерциялық әуе тасымалының нақты түрін (тұрақты немесе чартерлік, жолаушылар немесе жүк тасымалы) орындауға және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын үздіксіз қолдауға қабілеттілігін көрсетеді. Ұшуға жарамдылық бойынша мақсат — ұшуға жарамдылықты басқару жүйесінің, техникалық құжаттаманың және бекітілген нұсқаулықтардағы (FOM, AMM, MEL, CDL, SOP, QRH және басқалар) рәсімдердің ұшу алдындағы дайындық, әуе кемесін тапсыру, ұшудың өзі және ұшудан кейінгі іс-қимылдар барысында дұрыс жұмыс істейтінін көрсету.



A.2. ДЕМОНСТРАЦИЯ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

2.1 № 1061 Қағидаларға сәйкес ҚАӘ Өтініш беруші сертификаттау барысында коммерциялық әуе тасымалдарында әуе кемесінің түрін пайдалануды ұсынған кезде, әуе кемесінің иесі Өтініш беруші бұрын пайдаланбаған әуе кемесінің түрін ұсынған кезде, сондай-ақ әуе кемесінің иесі конструкциясы елеулі өзгертілген әуе кемесін ұсынған кезде демонстрациялық ұшуларды талап етеді.

Ұшулар саны

2.2 Қанағаттанарлық біліктілік деңгейіне қол жеткізу үшін мынадай ең төменгі талаптар қолданылады:

- 1) Өтініш беруші үшін әуе кемесінің жаңа түрі — кемінде төрт демонстрациялық ұшу;
- 2) әуе кемесі конструкциясының елеулі өзгеруі — кемінде екі демонстрациялық ұшу;
- 3) жаңа пайдалану режимі — кемінде төрт демонстрациялық ұшу.

2.3 Пайдалану режимі тұрақты рейстерді, чартерлік рейстерді, жолаушылар тасымалын, жүк тасымалын, сондай-ақ LVO, EDTO, MNPS, RVSM, RNAV (PBN) және AWO/HUD/EVS шеңберіндегі операцияларды білдіреді. Осы арнайы мақұлдауларға арналған демонстрациялық және валидациялық ұшулар тек осы құжатқа ғана емес, тиісті нұсқаулық материалдарға сәйкес жүргізіледі.

Түнгі ұшулар, тренажерлер және коммерциялық рейстер

2.4 Егер әуе кемесі аспаптар бойынша ұшуға сертификатталған болса, кемінде бір қону түнгі уақытта орындалуға тиіс.

2.5 № 1061 Қағидалардың 19-тармағына сәйкес жоспарланған төрт демонстрациялық ұшудың екеуіне дейін жауапты авиациялық инспекторлардың бақылауымен C немесе D деңгейінен төмен емес ұшу тренажерінде орындалуы мүмкін. Тренажер осылай пайдаланылған жағдайда алғашқы екі коммерциялық рейс ҚАӘ авиациялық инспекторының бақылауымен орындалуға тиіс.

2.6 Егер Өтініш беруші өзі бұрыннан пайдаланатын әуе кемесінің түріндегі операцияларды кеңейтсе, демонстрациялық ұшулар коммерциялық рейстермен біріктірілуі мүмкін; бұл жағдайда, егер қанағаттанарлық біліктілік деңгейі аз ұшу санымен көрсетілмесе, алғашқы он коммерциялық рейс ҚАӘ авиациялық инспекторының бақылауымен орындалуға тиіс.

Ұшу түрлері, маршруттар және коммерциялық жүктеме

2.7 Демонстрациялық ұшулар ретінде мыналар есепке алынуы мүмкін: репрезентативтік маршруттық ұшулар; ҚАӘ мақұлдаған айдау ұшулары; Инспекциялық комиссия бақылайтын оқу ұшулары; қайта орналастыру ұшулары; және Инспекциялық комиссия бақылайтын әуе кемесін техникалық тексеру ұшулары. Өтініш беруші жоспарланған ұшу аудандары шегіндегі маршруттық әуеайлақтарға, оның ішінде жоспарланған ішкі, су айдындары үстіндегі және халықаралық аудандарға репрезентативтік ұшу санын орындауға тиіс. Маршруттық ұшулар инспектордың бақылауымен C немесе D деңгейіндегі тренажерде орындалуы мүмкін.

2.8 Пайдаланушы сертификатын алу үшін немесе әуе кемесінің жаңа түрін пайдалануды бастау үшін орындалатын демонстрациялық ұшуларда коммерциялық жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады. Коммерциялық жүк оны тасымалдауға тиісті экономикалық құқықтары бар Өтініш берушімен ғана тасымалдануы мүмкін; компания жүгі немесе имитациялық жүк қолдану ұсынылады, өйткені бұл Өтініш берушінің мүмкіндіктерін толық бағалауға мүмкіндік береді.



A.3. БЕС КЕЗЕҢДІ ПРОЦЕСС

3.1 Демонстрация бес кезеңді мақұлдау процесінің жалпы қағидаттарына сәйкес жүргізіледі. Әр кезеңдегі Өтініш берушінің іс-қимылдары төменде көрсетілген.

I кезең Өтініш беруші ҚАӘ-ге Пайдаланушы сертификатын беру туралы өтінішпен жүгінеді немесе өзінің Пайдалану ерекшеліктеріне өзгеріс енгізуді сұрайды және алдын ала бағалау бойынша оң қорытынды алады. ҚАӘ Инспекциялық комиссия құрады. Өтініш беруші мен Комиссия бекітілген Демонстрациялық бағдарламаға сәйкес Өтініш беруші орындауға тиіс іс-қимылдар, ҚАӘ-нің рөлі және дайындалуға тиіс есептер мен құжаттар бойынша ортақ түсінікке келеді.

II кезең Өтініш беруші түзетілген Демонстрациялық жоспарды ұсынады (5-бөлім).

III кезең ҚАӘ Демонстрациялық жоспарды нормативтік талаптарға сәйкестік, қауіпсіз практика, іс-қимылдардың реттілігі, даярлау бағдарламалары, экипаж мүшелері мен диспетчерлердің біліктілігі, техникалық персонал және жоспарлау тұрғысынан тереңдетіп қарайды және талдайды.

IV кезең Өтініш беруші демонстрацияны — маршруттық сегментті және ұшу алдындағы инспекция тапсырмаларын орындайды. Инспекциялық комиссия мақсаттарға қол жеткізілгеніне немесе олардың қанағаттанарлық деңгейде орындалуы мүмкін еместігіне көз жеткізген кезде кезең аяқталады.

V кезең Сәтті аяқталғаннан кейін ҚАӘ тиісті Пайдалану ерекшеліктерін береді; кері жағдайда мақұлдаудан бас тарту туралы ресми хат жібереді.



A.4. ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

4.1 Демонстрациялық бағдарламаны Өтініш беруші әзірлейді және ҚАӘ бекітеді. Бағдарлама онда көрсетілген талаптарға, шарттарға және шектеулерге сәйкес орындалуға тиіс, ал барлық өзгерістер Инспекциялық комиссия төрағасымен келісілуге тиіс.

4.2 Инспекцияның мақсатына қарай Бағдарлама көрсетілуге тиіс пайдалану рәсімдерінің көлемін егжей-тегжейлі айқындауға тиіс:

- 1) стандартты (қалыпты) пайдалану рәсімдері — әуе кемесінің тиісті түрінде қалыпты және қалыптан тыс жағдайларда жерде және әуеде орындалатын негізгі пайдалану іс-қимылдары, оның ішінде жердегі операциялар мен демонстрациялық ұшулар;
- 2) тренажердегі стандартты емес (қалыптан тыс) пайдалану рәсімдері — қозғалтқыштардың, жабдықтар мен жүйелердің істен шығуын имитациялау; авариялық төмендеу; борттағы өртті сөндіру; экипаж мүшесінің уақытша еңбекке жарамсыздығы;
- 3) авариялық пайдалану рәсімдері — әуе кемесінің түріне қарай авариялық жағдайлардағы іс-қимылдар және олармен байланысты құрлықта және суда эвакуациялау.

Демонстрациялық ұшулар жоспары (жалпы нысан)

4.3 Бағдарламада жалпы нысандағы демонстрациялық ұшулар жоспары қамтылуға тиіс, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) рейс нөмірі(лері);
- 2) әуе кемесінің түрі және модификациясы;
- 3) әуе кемесінің мемлекеттік және тіркеу тану белгілері;
- 4) ұшу маршруты(тары);
- 5) ұшу түрі(лері);
- 6) қажет болған жағдайда тренажердегі демонстрациялық ұшулар;
- 7) пайдаланылатын әуеайлақтар (ұшу, қону, қосалқы);
- 8) баратын әуеайлақ(тар)тағы қонулар, оның ішінде нақты IFR жағдайларында күтілетін аспаптар бойынша қонулар, жалпы саны кемінде төрт;
- 9) түнгі уақыттағы сағаттарды қоса алғанда, есептік ұшу уақыты;
- 10) түнгі уақыттағы сағаттарды қоса алғанда, жалпы ұшу уақыты;
- 11) пайдаланылатын мамандандырылған навигациялық жүйелер (GNSS/GPS, VOR, DME, ILS және басқалар), олардың әуе кемесі жабдығының құрамында болуын көрсете отырып;
- 12) функционалдық міндеттері көрсетілген ұшу және кабиналық экипаж құрамы;
- 13) Инспекциялық комиссия қызметінің бағыттары;
- 14) қажет болған жағдайда демонстрациялық ұшудың басқа қатысушылары.

4.4 Егер жерде авариялық эвакуацияны және/немесе суға қонуды ішінара демонстрациялау жоспарланса, Бағдарламада авариялық пайдалану рәсімдерін демонстрациялау жоспары да қамтылуға тиіс. Егжей-тегжейлі сипаттама Авариялық эвакуация және суға қону жөніндегі нұсқаулықта келтірілген.

Бағдарламаны ұсыну

4.5 Бағдарлама өтініммен бірге растаушы құжаттаманың құрамында немесе сертификаттау рәсімдері барысында ұсынылады. Егер Бағдарлама сертификаттау барысында ұсынылса немесе оған өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаса, Өтініш беруші мыналарды көрсете отырып, ілеспе хат-өтініш ұсынады:

- 1) қолданылатын жағдайларда қолданыстағы заңнама ережелеріне сілтемелер;



- 2) әуе кемесінің түрі мен моделі және экипажды қоса алғандағы толық сыйымдылығы;
- 3) кабиналық экипаж мүшелерінің саны және пайдаланылатын позициялардағы олардың міндеттері;
- 4) координатордың аты-жөні және байланыс деректері;
- 5) қажет болған жағдайда өзге ақпарат.

4.6 Ұшуға пайдалану және Ұшуға жарамдылық департаменттері Бағдарламаны қарайды. Жауапты инспектор Өтініш берушіге бағалау нәтижелері туралы хабарлайды; сәйкессіздіктер анықталған жағдайда хатта нормативтік құқықтық актінің немесе өзге құжаттың нақты құрылымдық элементіне сілтеме жасалады. Өтініш беруші барлық сәйкессіздіктердің жойылғанын жазбаша растайды. Егер олар белгіленген мерзімде жойылмаса, Өтініш беруші бұл туралы жауапты инспекторға мүмкіндігінше тез жазбаша хабарлайды. Бағдарламада Инспекциялық комиссияның деректер мен тапсырмаларды жазуы үшін бос блоктар көзделуге тиіс.



A.5. ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЖОСПАР

5.1 Демонстрациялық жоспар демонстрациялық ұшуларды өткізуге арналған түзетілген, егжей-тегжейлі жоспар болып табылады. Онда мыналар туралы толық ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) әуе кемесінің түрі және модификациялары;
- 2) әуе кемесі экипажының құрамы;
- 3) инженерлік-техникалық персоналдың құрамы;
- 4) демонстрация кестесі — күні, уақыты және орны;
- 5) ұшу түрлері;
- 6) ұшу маршруттары;
- 7) әуеайлақтар — ұшу, қону және қосалқы;
- 8) жоспарланған демонстрацияның ерекшеліктері туралы қосымша ақпарат.

5.2 Соңғы Демонстрациялық жоспар ҚАӘ-ге демонстрациялық ұшулардың жоспарланған күніне дейін 10 күннен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

5.3 ҚАӘ Жоспарды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бастапқы қарауды аяқтайды және оны қабылдайды немесе қайтарады. Егер Жоспар қолайлы болып, нормативтік талаптар мен ҚАӘ саясатына сәйкес келсе, Инспекциялық комиссия төрағасы Өтініш берушіге хабарлайды. Егер құжаттама жеткіліксіз болса немесе Жоспар талаптарға сәйкес келмесе, ол негізгі себептер мен оны қолайлы ету жөніндегі ұсыныстар көрсетіле отырып қайтарылады. Егер Жоспарда талап етілетін ұшулар немесе сағаттар санын түзету туралы сұрау қамтылса, қабылдау түзетудің берілгенін көрсететін ресми хатпен расталады.

5.4 Өтініш беруші координаторды тағайындайды, ол Инспекциялық комиссия төрағасына демонстрацияның күні, уақыты және орны туралы хабарлайды. Ұшу бөлігіне қатыса алатын адамдар ҚАӘ-мен келісілуге тиіс. Демонстрация кезеңінде қатысуы міндетті емес персонал болмауға тиіс; Өтініш берушінің басшы персоналы, оның ішінде мүмкіндігінше ұшуды пайдалану және техникалық қызмет көрсету басшылары анықталған кемшіліктерді жою үшін қолжетімді болуға тиіс.



A.6. ДЕМОНСТРАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ

6.1 Маршруттық ұшулар Өтініш беруші ұсынған стандартты операцияларды имитациялайды. Барлық маршруттық сегменттер ұшуда немесе жердегі пайдалану үй-жайларында тіркеледі және бағаланады. Нәтижелер әрбір маршруттық сегмент бойынша толтырылатын ААК-OPS-P.0414 құжатына арналған бақылау парақтарында құжатталады.

6.2 Әрбір демонстрациялық ұшу алдында Инспекциялық комиссия төрағасы брифинг өткізеді. Өтініш беруші инспектордың бақылаушы орнын иеленуіне, ҚАӘ куәлігін көрсеткен кезде оның жолаушы мәртебесінің өзгеруіне, имитациялық сценарийлердің басталуына және нақты авариялық жағдай туындаған кезде тиісті іс-қимылдарға дайын болуға, сондай-ақ ұшу жоспарларын, жүктеу декларацияларын және басқа күтілетін құжаттарды ұсынуға тиіс.

Бағаланатын бағыттар

6.3 Өтініш берушінің құзыреттілігі бес бағыт бойынша бағаланады. Өтініш беруші олардың әрқайсысы бойынша дайын болуға тиіс:

- 1) ұшу экипажы — біліктілік; қалыпты, қалыптан тыс және авариялық рәсімдер; әуе кемесінің жүйелері мен шектеулері; әуесайлақтар мен маршруттарды білу; MEL және CDL рәсімдері; экипаж тәртібі және экипаж ресурстарын басқару; әуедегі және жердегі байланыс;
- 2) кабиналық экипаж — қалыпты және авариялық рәсімдер, оның ішінде өртті сөндіру, декомпрессия, жолаушының сырқаттануы немесе жарақаттануы және эвакуация; экипаж мүшесінің еңбекке жарамсыздығы; кабиналық экипаж бен пилоттар кабинасы арасындағы байланыс; экипаж ресурстарын басқару;
- 3) әуесайлақ және кеңсе үй-жайлары — ҰҚЖ, рулеж жолдарының, жарық-сигналдық жабдықтың, навигациялық құралдардың, перрондар мен жүк тиеу аймақтарының жарамдылығы; жердегі персоналдың біліктілігі мен даярлығы; жолаушыларды отырғызу, тиеу, жанармай құю және техникалық қызмет көрсету рәсімдері;
- 4) жедел басқару — ұшуды жоспарлау, диспетчерлік қамтамасыз ету және ұшуға рұқсат беру, метеорологиялық ақпаратты жинау және тарату, жүктемені басқару және масса мен орталықтандыру, экипаж демалысы, нұсқаулықтар және әуе кемесімен байланыс;
- 5) Өтініш берушінің рәсімдері — әуе кемесін пайдалану, ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі міндеттер, отынды бақылау, авиациялық қауіпсіздік, даярлықтың жеткіліктілігі, MEL және CDL рәсімдері, жерде қызмет көрсету және мұздануға қарсы өңдеу, қауіпті жүктер және тұрақты емес немесе қосалқы әуесайлақтардағы операциялар.

Сценарийлер мен шектеулер

6.4 Өтініш берушіге қосалқы әуесайлаққа мәжбүрлі бұрылу, MEL немесе CDL қолдану, ұшу-техникалық сипаттамалар мәселелері, қауіпті жүктер мен авиациялық қауіпсіздік жағдайлары, диспетчерлік және басқару орталықтарын тексеру, ұшуға жарамдылықты қолдау мәселелері, сондай-ақ қозғалтқыштың істен шығуы, декомпрессия, салондағы өрт немесе шасси ақаулары сияқты қалыптан тыс жағдайларды имитациялау сценарийлері берілуі мүмкін. Мынадай шектеулер қолданылады: қозғалтқышты нақты өшіру талап етілмейді; күрделі авариялық сценарийлерге жол берілмейді; әуе кемесін басып алу сценарийлеріне тыйым салынады және демонстрациялық ұшулар кезінде басып алуға қарсы бағдарлама қолданылмайды; нақты авариялық жағдай туындаған кезде барлық имитациялық сценарийлер дереу тоқтатылады.

Нәтижелер

6.5 Инспекциялық комиссия демонстрацияны мына нәтижелердің бірімен аяқтайды: жоспарлы аяқтау; барлық мақсаттарға қол жеткізіліп, тұрақты қайталанатын қабілет көрсетілген жағдайда мерзімінен бұрын аяқтау; Өтініш беруші қосымша сағаттардың орынды саны шегінде сәйкестікті қамтамасыз ету мүмкіндігін



көрсеткен жағдайда жоспарланған күннен кейін жалғастыру; немесе қанағаттанарлықсыз нәтиже. Нәтиже қанағаттанарлықсыз болған кезде ҚАӘ Өтініш берушіге кемшіліктер анықталған бағыттар, талап етілетін түзету іс-қимылдары және жаңа Демонстрациялық жоспарды әзірлеу және ұсыну қажеттілігі көрсетілген хат жібереді. Сондай-ақ Өтініш берушінің ұшуды пайдалануындағы кемшіліктерін көрсететін Акт ресімделуі мүмкін.



А.7. ТҮЗЕТУДІ СҰРАТУ

7.1 Демонстрациялық ұшулардың жалпы қабылданған саны — төрт. № 1061 Қағидалардың 19-тармағына сәйкес, егер Өтініш беруші жауапты авиациялық инспекторлардың бақылауымен С немесе D деңгейіндегі ұшу тренажерінде әуе кемесін қауіпсіз пайдалануға қабілеттілігін көрсетсе, бұл сан екіге дейін қысқартылуы мүмкін; тиісінше төрт ұшудың екеуіне дейін тренажерлік сессиялармен ауыстырылуы мүмкін.

7.2 Егер озық модельдеу, LOFT сценарийлері, пайдалану зерттеулері немесе статистикалық талдау Өтініш берушіге сәйкестікті қысқа мерзімде көрсетуге мүмкіндік берсе, Өтініш беруші Демонстрациялық бағдарлама шеңберінде ауытқуға рұқсат сұрай алады. Сұрауда қысқартылған бағдарлама шеңберінде сәйкестіктің қалай көрсетілетіні түсіндіріліп, кемінде мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) ұсынылатын демонстрациялық сағаттар мен ұшулардың жалпы саны;
- 2) әрбір ұшу экипажы мүшесінің ұшу тәжірибесі туралы қысқаша мәлімет — лицензиялар, жалпы ұшу уақыты, әуе кемесінің түріндегі тәжірибе, Өтініш берушідегі жұмыс өтілі және коммерциялық әуе тасымалдарындағы өзге тәжірибе, сондай-ақ әскери сияқты өзге көлік тәжірибесі;
- 3) жағдайларды негіздеу — Өтініш берушінің Пайдаланушы сертификатының иесі ретіндегі тәжірибесі, сол әуе кемесінің түріндегі тәжірибесі, маршрут бойындағы әуесайлақтар мен аудандардағы тәжірибесі және бұрын берілген пайдалану шарттарының жалпы деңгейі;
- 4) тағайындалған инспектор сұратқан немесе пайдалы деп танылған кез келген басқа ақпарат, мысалы, түнгі маршруттар немесе бақылауға жататын арнайы әуесайлақтар.

7.3 ҚАӘ сұрауды шетелдік пайдаланушылардың осы әуе кемесін бұрын пайдалану көлемі, жаңадан сертификатталған түрмен таныстық, жаңа әуе кемесінің бұрын пайдаланылған әуе кемелерінен айырмашылық дәрежесі, маршруттық құрылымға ықпалы, тартылған персоналдың тәжірибесі және ұсынылатын пайдалану шарттарын кеңейтудің маңыздылығы сияқты факторларды ескере отырып бағалайды.

7.4 Кез келген түзету ҚАӘ Бас директорымен келісілуге тиіс және Өтініш берушіге жазбаша түрде расталады. Мақұлданған түзету жоспарлануға тиіс ұшулардың немесе сағаттардың ең аз санын белгілейді; егер Өтініш беруші барлық талаптарға сәйкестікті көрсете алмаса, қосымша демонстрациялық ұшулар талап етілуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсетуге, экипаждың қосымша даярлығына немесе ауа райына байланысты кідірістер кестеге және пайдалануды бастаудың жоспарланған күніне әсер етуі мүмкін.

РАЗДЕЛ В

В.1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Настоящий Инструктивный материал устанавливает действия Заявителя по демонстрации его эксплуатационных процедур на земле и в полете, включая демонстрационные полеты по предлагаемым маршрутам и, при необходимости, аварийную эвакуацию на земле и посадку на воду. Настоящий материал является документом Заявителя, дополняющим ААК-OPS-P.0414.

1.2 Настоящий Инструктивный материал разработан в соответствии с:

- 1) Законом Республики Казахстан от 15 июля 2010 года № 339-IV «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации»;
- 2) Правилами сертификации и выдачи сертификата эксплуатанта гражданских воздушных судов, утвержденными приказом от 10 ноября 2015 года № 1061 (Правила № 1061).

Цель

1.3 Демонстрация позволяет ААК оценить способность Заявителя безопасно эксплуатировать гражданские воздушные суда при коммерческих воздушных перевозках в соответствии с требованиями, применимыми к предлагаемому виду перевозок и типу воздушного судна. ААК проводит такую оценку путем наблюдения за демонстрационными полетами Заявителя с учетом нормативных правовых актов Республики Казахстан и документов ИКАО.

1.4 Заявитель, претендующий на получение Сертификата эксплуатанта, эксплуатирует воздушное судно и поддерживает его летную годность по тем же стандартам, которые применяются к держателю Сертификата эксплуатанта, имеющему необходимые разрешения. Демонстрация не предполагает более низкого стандарта эксплуатации; применяется тот же стандарт, который подлежит наблюдению и оценке.

Метод инспекции

1.5 ААК проводит инспекцию Заявителя одним из двух методов, выбираемых в зависимости от предполагаемых эксплуатационных прав и утвержденной Демонстрационной программы:

